



Батыс Қазақстан облысының бюджетіне субвенция бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 16 маусым N 778

Батыс Қазақстан облысының бюджетіне түсімдердің төмен деңгейіне

байланысты аймақтағы күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайға орай және тепе-теңдікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1999 жылдың маусымында Батыс Қазақстан облысының әкіміне 1999 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттың есебінен жалақы бойынша берешектерді өтеу үшін 200 (екі жүз) миллион теңге мөлшерінде субвенция бөлсін;

үстіміздегі жылдың аяғына дейін заңдарға сәйкес Батыс Қазақстан облысының бюджетіне субвенция бөлу жөнінде түпкілікті есеп жүргізісін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК